

Академик Ғабдығапар Сейтқасымов туралы ой

Бүгінде Астанадағы Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетін басқарып отырған академик Ғабдығапар Сейтқасымов туралы оның 70 жастық мерейтойы қарсаңында бір сәт ойланып көрдім. Сонда бұл азаматтың үнсіз жүріп көп шаруа тындырған ерен еңбегі, ғылымдағы жетістіктері ауыз толтырып айтуға тұратын, жазып көпке жеткізсек жұртқа өнеге боларлықтай екендігіне көз жеткіздім. Жалпы, Ғабекеңнің еліміздің қаржы, экономика саласын дамыту мен жетілдіру жолындағы жемісті еңбегін және аталмыш жүйе бойынша көптеген білікті мамандарды даярлаған ұстаздық пен ғылыми-шығармашылық өнегелі істерін мен ғана емес, өз ұжымы, айналасы, шәкірттері мен әріптестері әрдайым жоғары бағалайды.

Ол 1999 жылы бүгінде өзі басқаратын университеттің негізін қалап, Астанада экономикалық сапалы білім мен біліктілікті игерген жастардың өмірге жолдама алуына өлшеусіз көп үлес қосты. Академик Ғабекеңнің жазып, жарыққа шығарған жүздеген зерттеу мақалалары мен оқулық кітаптары тек оқу процесіне ғана емес, қаржы, экономика жүйесінің практикасы үшін де, онда қызмет етіп жүрген мыңдаған қаржыгер мамандар үшін де болашаққа бағыт сілтейтін шамшырақ іспетті аса маңызды екенін ерекше атап айту жөн.

Олай дейтінім, оның жазған еңбектерінің ішінде банк саласының проблемаларымен қатар қаржы мәселелерін талдаудағы ұстанған бағдары мен жасаған тұжырымы саланың алға дамуына жол ашатындығымен, мамандардың біліктіліктерін жетілдіріп қана қоймай әркімнің өз ісінің шебері болуына баулитындығымен, әлемдік үрдіске сай өсуімізге лайықты тетік болатындығымен ерекшеленеді. Ендеше, осындай терең білімі мен өмірлік бай тәжірибесі бар және оны жас ұрпақты тәрбиелеу жолына арнап, жан аямай тер төгіп жүрген ғалым бауырымыз туралы айту парыз деп білдім. Қазақ айтпаушы ма еді “жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын” деп.

Иә, Ғабекеңнің өмір жолы бір қарағанда өзге замандастарымыздікі секілді қарапайым көрінгенімен өзіндік өнегелі, үлгілі тұстары жетерлік. 1957 жылы Ғабдығапар Сағитұлы Ыбырай Алтынсарин атындағы Торғай орта мектебін бітіріп, бір жылдай Қызылқоға колхозында шопанның көмекшісі болып еңбек етеді. 1958 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне емтихандарын сәтті тапсырып, экономика факультетіне қабылданады. 1963 жылы “бухгалтерлік есеп” мамандығы бойынша оқуын аяқтап, туған жері Торғай облысына жолдамамен барады. 1963-1969 жылдар аралығында Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Шилі, Речной совхоздарында бас экономист болып қызмет атқарады. Сонау бір жылдары Қостанай облысында колхоздардың совхоздарға ауысуы жүріп жатқан. Аға буын өкілдерінің жадында болса, тың және тыңайған жерлердің игеріліп жатқан тұсы. Көптеген шағын колхоздардың негізінде 260-тан астам совхоз ашылды. Осы уақытта совхоз жұмысын жүргізу спецификасын білетін білікті мамандар тапшы болатын.

Ғабдығапар Сағитұлы облыстың ауыл шаруашылығы саласында жоғары білімі бар 15 бас экономистің қатарында болып, аудан совхоздары экономикасының аяғынан тұрып, қалыптасуына айтарлықтай үлес қосты. Ол түрлі деңгейдегі ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жиналыстарында сөз сөйлеп, газет беттерінде совхоз өндірісінің ерекшелігін, оны жоспарлаудың негізін, шаруашылық есебін, еңбекақы төлеу жүйесін дұрыс жолға қоюды түсіндірді. Бұл оның сол кездің өзінде азаматтық белсенділігі жоғары жігіт екендігін көрсетсе керек.

Ол өндірісте жұмыс істей жүріп ауыл шаруашылығы саласында еңбекақыны ұйымдастыру және жоспарлау, ішкі шаруашылық есепті енгізу барысында шешімін таппаған мәселелерді көтерді. Жаңашылдыққа деген қызығушылық, өмірдегі барды ұқсата отырып одан әрі жетілдіру, дамыта түсуге деген талпыныс оны Целиноград қаласындағы Қазақ ғылыми-зерттеу институты экономика және ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың Целинный филиалына жетелеп алып келді. 1969-1970 жылдары осы институттың аға ғылыми қызметкері, артынша бөлім меңгерушісі болды. 1970 жылы Алматы қаласындағы осы институттың аспирантурасының күндізгі бөліміне түсіп, оны 1973 жылы сәтті аяқтап, “Астық өнімін дайындауды ұйымдастыру және оны жоспарлауды жетілдіру” деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Сол жылдары жас ғалымның зерттеу жұмысы өте өзекті болды, диссертацияның ұсынымы мен түйіні өндірісте пайдалануға енгізілді.

Оның ірі ғалым-экономист және білім мен ғылымның талантты ұйымдастырушысы ретінде қалыптасуы Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіндегі еңбек қызметімен тікелей байланысты. Бұл университетке ол өзінің 20 жыл ғылыми-педагогтік өмірін арнады. 1973 жылдан 1993 жылға дейін әртүрлі лауазымды қызметтер атқара жүріп, университеттің ғылыми әлеуетінің өсуін қалыптастыруға бар күш-жігерін жұмсады, экономика кафедрасын құрушылардың бірі болды. 1973-1993 жылдар аралығында ол университетте аға оқытушылықтан бастап, доцент, кафедра меңгерушісі, декан, проректор қызметтеріне дейін көтерілді. Ол қандай қызметте, қандай лауазымда отырмасын оқу процесінің ұйымдастырылуына үлкен парасатпен, шығармашылықпен, ізденіспен қарады.

Өзін кезінде қызметке қабылдаған Евней Арыстанұлы ол тұста Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры болатын. Энциклопедиялық білімі терең, үлкен ғалым, қазақ халқының мақтанышы болған аталмыш тұлға жас мамандарды педагог әрі ғалым ретінде дайындауға әкелік қамқорлығын көрсете білген жан.

Ғабдығапар Сағитұлы Кеңес Одағының әр түкпірінен жиналған экономика факультетінің жас ұжымына енген бірінші күннен бастап оқу процесіне белсене араласа бастады. Ол ҚарМУ-де ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық қызметтерді атқаруда тынымсыз тер төкті. Сол кезде мамандардың жетіспеушілігінен оған бухгалтерлік есеп, шаруашылық қызметтерді сараптау, даму және бақылау, КСРО-дағы несие және ақша айналымы сияқты бірнеше пәндерді қатар жүргізуге тура келді.

Профессор Ғ. Сейтқасымов оқу процесіне ситуациялық тапсырмаларды шешуге бағытталған, соның нәтижесінде студенттердің шығармашылық ойлауын қалыптастыратын оқытудың жаңа түрін енгізуге көп күш-жігерін сарп етті. Арада үш жыл өткен соң ол “Ақша айналымы және несие” кафедрасын құрады. Енді барлығын басынан бастауға тура келеді, өйткені ол кафедрадағы жалғыз ғылым кандидаты болатын. Банк ісі бойынша мамандар, педагог кадрлар тапшы. Ғабдығапар Сағитұлының аянбай және жүйелі жұмыс істеуінің нәтижесінде өзінен түлеп ұшқан талантты түлектер кафедрада қалып, ғылыми дәрежелері бар жаңа адамдар келіп орта толды.

Жас меңгеруші кафедраның қалыптасуы үшін өзінің түлектері мен қызметкерлерін Алматы мен Мәскеу қалаларындағы жоғары оқу орындарының аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқуға жолдады. Осының нәтижесінде он жылдың ішінде Мәскеудің қаржы институтының аспирантурасында 3 оқытушы білім алып, кандидаттық диссертацияларын қорғаса, Мәскеу институтында 6 оқытушы, Алматы халық шаруашылығы институтында (қазіргі Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ) 4 оқытушы кандидаттық диссертацияларын қорғап шықты. Олардың ішінде А.В.Заяц, Н.К.Кучукова, З.Д.Ысқақова, А.А.Мусина, Н.К.Русеева, Н.Б.Рубенкова, И.А.Омарова, Д.М.Мажитов, Ж.М.Матаев, Р.Д.Акашев, Н.И.Парусимова, А.А.Илиясов, К.Ж.Садуақасова және т.б. бар.

Осы уақытта кафедра 90% ғылыми дәрежесі бар ҚарМУ-дің ең үздік кафедраларының біріне айналды, университет кафедраларының арасындағы байқауда бірнеше рет алдыңғы орынға шықты. Осы уақыт аралығында кафедра меңгерушісінің

суреті бірнеше жыл Құрмет тақтасынан мәртебелі орын алды. Бұл уақыт кафедраның мыңдаған жас мамандарды түлетіп ұшырған кезеңі, қазір олар республикамыздың қаржы-банк мекемелерінде, олардың ішінде ірі коммерциялық банктердің жетекшілері де бар, Қаржы министрлігі және мемлекеттік кіріс және басқа да экономикалық ведомстволарда қызмет етсе, кейбіреулері белгілі ғалымдар, еліміздің мемлекеттік қайраткерлері. Ол қарапайым маманнан бастап бүгінде тәуелсіз Қазақстанның экономикалық гүлденуіне үлестерін қосып жүрген ғалым экономистерді, қаржыгерлерді, банкирлерді тәрбиелеп шығару жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Кез келген ғалым өзінің зерттеу еңбегін әкімшілік және оқытушылық қызметпен сәтті байланыстыра алмайды. ҰҒА-ның академигі Ғабдығапар Сағитұлы Сейтқасымов ғылым мен қызметті қатар алып жүрген ерекше тұлға. Ол өзінің кәсіби қызметінен бастап ҚарМУ-дің проректоры лауазымына дейінгі еңбек жолында қазақстандық қаржыгерлер мен банкирлер мектебінің негізін салушылардың алғашқыларының бірі болды. Оның жетекшілігімен шәкірттері тек қаржы секторының ғылыми-әдістемелік мәселелерін зерттеп қана қойған жоқ, сонымен қатар ғылыми жобалардың іргетасын қалады. Бұл уақытта ол банк ісі бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жарыққа шығару ісінде белсенді жұмыстар атқарады. Осы жылдар ішінде кафедра мүшелері профессор Ғ. Сейтқасымовтың басқаруымен еңбекке деген керемет қабілеттерін көрсетті, соның арқасында кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады, екінші жағынан ғылыми мақалалар жазды, нәтижесінде бұл мақалалар республикамыздағы жаңа экономикалық ойлаудың қалыптасуы үшін негіз болды.

Ғабдығапар Сағитұлының жарыққа шыққан кітаптарын баршаға және жеке адамға арналған кітаптар деп қарауымызға тура келеді. Оның еңбектері – өзгеше айна, оған біз экономикалық шындықты тану үшін жүгінеміз. Бұған қазақ және орыс тілдерінде шыққан “Банк ісі” оқулығын жатқызуға болады. Кез келген заттың беріктігі уақыт өте келе білінеді, ал бұл кітаптың беріктігі уақытпен таразыға салынған, сондықтан бұл оқулықты республикамыздағы оқу орындарының экономикалық факультетінде оқитын барлық студенттер кеңінен пайдаланады.

Бүгінде ұйымның оқу процесінде сегіз кафедра қызмет ететін “Экономика және бизнес”, “Есеп және қаржы” деген екі факультет қазақ және орыс тілдерінде білім беруде. Бұл факультеттерде студенттер мен магистранттардың білім алуы үшін қазіргі кредиттік технология талаптарына сай барлық жағдайлар жасалған.

Университеттің өміріндегі ерекше оқиға ол университетке ғылым кандидаттары мен докторларын дайындау үшін үш түрлі экономикалық мамандықтар бойынша қорғалатын “14.08.01 ОД” диссертациялық кеңесінің ашылуы болды. Осы аз уақыттың ішінде 6 адам қорғап үлгерді.

Университет тарихындағы маңызды оқиғаның бірі оқу орнының “Университет жаршысы” ғылыми журналы мен “Ұлағат. News” деген газеттің жарық көруі. Бұдан басқа, университет ректоры оқу орнының жақын және алыс шет елдердегі оқу орындарымен байланыс орнатуына үлкен мән береді. Соңғы 10 жыл ішінде Орынбор мемлекеттік университетімен, Орал мемлекеттік экономикалық университетімен, Бейлор университетімен (АҚШ, Техас штаты), Грузия техникалық университетімен (Тбилиси), Еуропа жаратылыстану ғылымдар академиясымен (Германия, Ганновер), Борнтмут университетінің менеджменттік қызмет және бизнес мектебімен (Ұлыбритания), Лессинг атындағы шет тілдер академиясымен (Германия, Ганновер) және басқа да ТМД, Еуропа мен Азия елдерінің ұйымдары және жоғары оқу орындарымен ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастық туралы келісім-шарт жасасты.

Ғабдығапар Сағитұлын мен өз ісінің жоғары білікті маманы, ғалым-экономист, педагог, ұйымдастырушы және мақтаныш етуге тұратын әріптес ірі тұлға ретінде бағалаймын.

Кенжеғали САҒАДИЕВ, Парламент Мәжілісінің депутаты, академик.

<https://egemen.kz/article/galym-salghan-zhol>